

**Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Ломоносов ауылдық округі Урожайное ауылының "АЗКО" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мал шаруашылығы фермасының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

***Күші жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Ломоносов ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 мамырда № 4183 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан Ломоносов ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 16 қарашадағы № 13 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан Ломоносов ауылдық округі әкімінің 16.11.2017 № 13 шешімімен (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 – бабының 7) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 08-08/150 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Ломоносов ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Ломоносов ауылдық округі Урожайное ауылының "АЗКО" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мал шаруашылығы фермасының аумағында жылқылар арасында ринопневмония ауруының туындауына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*Н. Нұрғалиев*